

«Бекітемін»

ТГКК

басшысының орынбасары

 А. Каримова

« 06 » 09 2024 жыл



**«СтартПрофи-Туркараган» стенд-мобының
ережесі**

Баутино, 2024 жыл.

1. Жалпы ереже

Осы ереже «СтартПрофи- **Turkaragan**» стенд-моб мобильдік топтарының жұмысын, өткізілу тәртібін, нысанын және ұйымдастырылу жағдайының ережесін анықтайды (ары қарай Стенд - моб).

Мақсаты: идеологиялық, үгіт-насихат жұмыстары және мектеп оқушылары мен жұмыссыз жастар арасында өз мүмкіндіктеріне сәйкес қызмет саласын еркін таңдау жағдайында өзін-өзі анықтауды дамыту.

Міндеттері:

- мамандықтардың мазмұнын талдай білу, өзінің кәсіби мүмкіндіктерін бағалай білу;
- оқушыларды мамандық таңдауға даярлау;
- мансап таңдаудың кәсіби өзін-өзі анықтауы және өзін-өзі дамыту;
- оқушылардың әлеуметтік-мәдени және кәсіби өндірістік жағдайларға саналы көзқарасын қалыптастыру.

Өтетін орны: Маңғыстау облысының қалалары мен аудандарында.

Қатысушылар: қала/аудандардағы жалпы білім беретін мектептердің 8-11 сынып оқушылары және жұмыссыз жастар, аудандық білім бөлімдері, колледждер.

2. Ұйымдастыру шарттары мен өткізілу форматы

Өткізу форматы:

- Колледждің кәсіптік бағдар беру стендтерінің жылжымалы көрмесі.
- Диалог алаңы.

Сонымен қатар, мектеп оқушылары мен техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің оқу орындары өкілдерінің тең құқылы өзара іс-қимылы арқылы кәсіптік бағдар беруші оқушыларды қызықтыратын мамандықтар бойынша, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, жоғары білімнің сұранысқа ие мамандықтары туралы ақпараттандыру бойынша диалог (сұрақ-жауап) түрінде оқушылармен әңгімелесу жүргізеді.

Күтілетін нәтиже:

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде мамандықтарды таңдауда оқушылардың қызығушылығының артуы және өңір түлектерінің шетелдік жоғары оқу орындарына кетуін азайту.

Экономикалық өсу мен жеке табысқа жету үшін құзыреттердің маңыздылығын көрсете отырып, кәсіби құзыреттіліктерді дамыту, жоғары білікті кадрлардың беделін арттыру.